

Уақыттың өлшемі – уақыт етпесінде!

# УАҚЫТ

Газет 2011 жылғы 23 желтоқсаннан басталды

www.uaqyt.kz

16+

**ҚОЖАМЖАРОВА Дария  
Пернешқызы,**

Шымкент қаласы №6 сайлау  
округі бойынша мәслихат  
депутаттығына үміткер.

## «БАҚЫТ МЕКЕНІН БІРГЕ ЖАСАЙЫҚ!»

Шымкенттегі М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры, жас ұрпақ тәрбиесінде өзіндік қолтаңба қалдырып жүрген Қожамжарова Дария Пернешқызы алда өтетін сайлауға қатысып, бағы мен бабын сынайтын болады. Шымкенттегі №6 сайлау округі бойынша мәслихат депутаттығына үміткер Дария Пернешқызы бұл жолғы сайлауға үлкен дайындықпен келіп отыр. Өзінің сайлауалды бағдарламасындағы басты міндеттер AMANAT партиясының басым бағыттарымен үйлесім табады. Себебі Дария Пернешқызы AMANAT партиясының мүшесі ретінде аталған саяси ұйымның ұстанымын қолдайды.



– Дария Пернешқызы, алда өтетін сайлауға Сіз үлкен дайындықпен келгеніңізді мәлімдедіңіз. Ең алдымен оқырмандарымызға сайлауалды бағдарламаңызды таныстырып өтсеңіз.

– Шымкенттегі №6 сайлау округі бойынша мәс-

Шымкентте ондай апаттардың алдын алуға атсалысамын. Одан өзге әрбір тұрғынның баспаналы болуына заң аясында ықпал ететін боламын. Баспана мәселесі күн тәртібінде тұр. Бүгінде Шымкентте 50 мыңға жуық тұрғын баспана кезегінде тұрғаны – соған мысал. Сонымен қатар тұрғын үй құрылысы үшін азаматтарға жер телімдерінің қолжетімді болуына ықпал етуді мақсат етемін. Түркияда орын алған жер сілкінісінің зардабынан бізде сабақ алуымыз қажет. Соған сәйкес, қаламызда салынатын тұрғын үйлердің, әлеуметтік-мәдени нысандардың сапасын қадағалауды қамтамасыз етуге күш саламын.

– Шымкент жайлы орта болуы үшін әрбір тұрғынның еңсесін көтерер еңбегі болуы керек. Қазіргі таңда қалада жұмыссыздар мәселесі күн тәртібінде тұр. Оның шешімі жаңа жұмыс орындарының ашылуы екенін Сіз жақсы білесіз? Осы өзекті мәселенің өзегін тарқатуға күш саласыз ба?

– Әрине. Жұмыссыздықты жоюдың тиімді әрі өміршең жолы – жаңа жұмыс орындарының ашылуы. Жаңа жұмыс орындарын ашуда білім-ғылым-өндірістің ұштасуы негізінде отандық кәсіпкерліктің ілгері басып, бизнестің дамуына серпін беріледі. Себебі кез келген бастамада білім-ғылым-өндіріс бірігіп, үйлесімді жұмыс жүзеге асатын болса, талай әлеуметтік проблемалардың шешімі табылады.

Осы ретте еңбек нарығына қажетті мамандарды дайындау жүйесін жолға қоятын «Мамандығым –

тағы экологиялық проблема саяси мәнге ие болса, қоршаған ортаның адамдар қолымен ластануы механикалық түрге жатады. Сайлауалды бағдарламада мен дәл осы механикалық сипаттағы экологиялық проблемаға басымдық беріп отырмын. Оның ішінде ас-ауқатымыздың тазалығына, ішетін суымыздың молдірлігіне, ауаның ластанбауына көңіл бөліп отырмын. Себебі Шымкент қаласы бойынша кейбір шалғай елді мекендерде осындай мәселелер күн тәртібінде тұр.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша еліміздегі 9 қалада атмосфералық ауаның ластану деңгейі жоғары екені мәлім болды. Оның ішінде Шымкент қаласы да бар. Арқаны кеңге салсақ, бірнеше жылдан кейін Шымкент – жасыл қала статусын жоғалтып алуы әбден мүмкін. Сол үшін қалада жасыл технологияны жолға қоятын, баламалы қуат көзін беретін жобаларға қолдау көп болуы керек. Ең басты бағыт – экосананы жаңғыртуымыз тиіс. Қоршаған ортаны күтіп ұстауға мемлекет тарапынан кешенді

деген. Бірінші кезекте ата-ана қоршаған ортаның тазалығын сақтауды балаларына үйретуі керек. Экосананы жаңғырту жаңұядан бастау алуы тиіс.

– Сайлауалды үгіт-насихат кезеңі басталғаннан бері сайлаушылармен кездесіп, көкейіндегі мәселелерді тыңдап жүрсіз? Тұрғындарды қандай мәселелер толғандырады?

– Тұрғындармен кездесу шарасы «AMANAT» партиясының «Есіктен есікке» акциясы аясында ұйымдастырылады. Аталған шара аясында тұрғындарға партияның және өзіміз сайлауалды бағдарламамызды таныстырамын. Сонымен қатар олардың ұсыныстарын, талап-тілектерін де тыңдаймын. Мысалы, аталған шара аясында қаламыздағы Т. Айбергенов көшесінің тұрғындары тазалық, спорт алаңдарын жаңарту мәселесіне ден қоюды сұраса, Республика даңғылы бойындағы №15, 15а, 17 үй тұрғындары жолдардың сапасына алаң білдіретінін жеткізді. Н. Төрқұлов көшесі



– Дария Пернешқызы, алда өтетін сайлауға Сіз үлкен дайындықпен келгеніңізді мәлімдедіңіз. Ең алдымен оқырмандарымызға сайлауалды бағдарламаңызды таныстырып өтсеңіз.

– Шымкенттегі №6 сайлау округі бойынша мәслихат депутатына үміткер ретінде саяси дедаға қатысып отырмын. Шымкент – еліміздегі үшінші мегаполис, ірі орталық. Тиісінше осындай ірі қалада депутат болып, халық аманатын арқалап жүру үлкен жауапкершілік екенін терең түсінемін. Сондықтан да сайлауға қатысуға дайындығым зор. Білім-білігім, жиған тәжірибем халық аманатын арқалап, сенімінен шығуға жетеді деп санаймын. Және халық пен билік арасында алтын көпір болуға әбден лайықпын деп сенемін. Себебі Шымкент қаласы маған жақсы таныс. Мегаполистің бүгінгі жай-күйі, өзекті мәселелерінен хабардармын. Халық сенім артса, тұралаған тірліктер, қордаланған мәселелердің өзегін тарқатуға нар тәуекел етіп, білек сыбана кірісетін боламын. Мен үшін бұл сайлауға қатысу үлкен жауапкершілік болып табылады. Сол үшін де оған зор жауапкершілікпен, дайындықпен қатысудамын. Бұған дейін халықпен жұмыс істедім. Шымкент қаласы мәслихатының жетінші шақырылымының депутаты ретінде қаншама қоғамдық қабылдаулар өткіздім. Ол жерде тұрғындар көтерген мәселенің көбі әлі күнге дейін түпкілікті шешімін таппады. Өз кезегінде, сол проблемалардың тиісті деңгейде шешілуіне ықпал етпекпін.

– Сайлауалды бағдарламаңызда дауыс берушілерге «БАҚЫТ МЕКЕНІН БІРГЕ ЖАСАЙЫҚ!» деген ұран сөз жолдапсыз. Шымкентті бақытты мекен ететін басымдықтар қандай деп ойлайсыз?

– Сайлауалды бағдарламамда алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарымды 7 негізгі бағыт бойынша топтастырдым. Алға қойған мақсаттардың жүзеге асуы қаламызды Бақытты мекенге айнал-



дырады. Сайлауалды бағдарламам Әл-Фараби ауданының ерекшелігіне, экономикалық, әлеуметтік хал-ахуалына орай әзірленді. Яғни терең талданып, әлеуметтік зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Жалпы Шымкент – Бақытты мекен болуы үшін қалада жайлы тұрмыс, тұрақты жұмыс, жеке баспана, лайықты еңбекақы, сапалы білім мен медицина барлық тұрғындар үшін қолжетімді болуы керек.

– Оған қол жеткізуде қандай жұмыстардың жүзеге асуына ықпал ететін боласыз?

– Тұрғындар сенім білдірсе, Шымкент қаласының тарихи келбетін сақтай отырып, оны іскерлік тұрғыдан тартымды, адамдардың сапалы өмір сүруіне барлық жағдай жасалған, заманауи инфрақұрылымға ие қала болуына күш саламын. Осы жылғы қыс қатал болды. Өкінішке қарай, еліміздегі Екібастұз, Риддер, Петропавл қалаларында тозған жылу құбырларының жарылуы салдарынан мыңдаған тұрғын тоңып, дірдек қақты. Бұл жәйттен сабақ алып,

Болашағым» жобасының қаламызда жүзеге асуын қамтамасыз ететін. Жалпы «Мамандығым – Болашағым» жобасы өзге өңірлерде жүзеге асып, нәтижелі жемісін беруде. Аталған жоба аясында қаламызда қазір де, келешекте де сұранысқа ие мамандықтар тізімі әзірленеді. Соның негізінде оқу орындарында жаңа оқу бағдарламасы жасалып, мамандар даярланады. Бұл мамандар болашақтың жасанды интеллектісіне негізделген мамандар екенін атап айтуға болады. Осы арқылы шындалған, интелегентті буын қалыптасады. Біз осы басымдыққа екпін берсек, көп мәселенің шешімін табуына қол жеткіземіз.

– Бағдарламаңызда қаланың экологиялық проблемасына бей-жай қарамайтыныңызды алға тартқан екенсіз...

– Осы тұста мынаған назар аударар кетейікші. Экология – тазалық ұғымымен қабысады. Ал экологиялық проблема техногенді және механикалық болып екі сипатта кездеседі. Техногенді сипат-

алуы әбден мүмкін. Сол үшін қалада жасыл технологияны жолға қою, баламалы қуат көзін беретін жобаларға қолдау көп болуы керек. Ең басты бағыт – экосананы жаңғыртуымыз тиіс. Қоршаған ортаны күтіп ұстауға мемлекет тарапынан көшенді шаралар қабылданып, экологтар күрескенмен, экосананы өзгертпей, нәтижелі өзгеріске қол жеткізе алмайтынымызды терең сезініп, үгіт-насихат жұмыстарына екпін беру керек сияқты. Қазіргі таңда тиісті мекеменің көктемгі жауын шашынның салдарынан су шаю қаупін алдын алу үшін су арналарын тазарту жұмыстарын жүргізіп жатқаны, он күннің ішінде су арналарынан 450 текше метр тұрмыстық қалдықтар мен күл-қоқыс шығарғаны сол сөзімізге негіз бола алады. Арық-атыздың көмейін тұрғындардың өздері қоқыспен бітеп тастайды. Оның салдары қандай болатынына мән бермейді. Бұрындары біз көктем келген бойда арық-атызды тазалайтынбыз. Қазіргі таңда өскелең ұрпақ мұндай сенбілікке жабыла шықпайды. «Отан – отбасынан басталады»

дағы Т. Айбергенов көшесінің тұрғындары тазалық, спорт алаңдарын жаңарту мәселесіне ден қоюды сұраса, Республика даңғылы бойындағы №15, 15а, 17 үй тұрғындары жолдардың сапасына алаң білдіретінін жеткізді. Н. Төреқұлов көшесі бойындағы үйлерге барғанымызда ондағы тұрғындар жыду, орталық көріз жүйесін жүргізу, балалардың ойын алаңдарының жоқтығын айтты. Ал Тәуке хан даңғылы бойындағы №33/1 тұрғын үй иелері зейнеткерлерге спорт кешеніне жеңілдік қарастыру, жоғарғы қабат тұрғындарының жаңбыр салдарынан үйлеріне су өтіп, зардап шегіп жатқандықтарын айтты.

Тұрғындардың талап-тілегін тыңдау мақсатында 17 наурыз кешке дейін қоғамдық қабылдау штабым жұмыс істейді.

– Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге рақмет.

Сұхбаттасқан С.ИБРАГИМОВА

Материалдың жариялану ақысы үміткердің жеке сайлау қорынан төленді.

